КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 28 ақпан №5265-25-00-2/269 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Шымкент обаға қарсы күрес станциясы» Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Сенбекова» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздықты өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Шымкент обаға қарсы күрес станциясы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Сенбекова» атынан әрекет етуші Сенбекова Ақерке Дүйсенханқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Сенбекова» дара кәсіпкері атынан әрекет етуші Сенбекова Ақерке Дүйсенханқызынан талап қоюшының пайдасына тұрақсыздықты 39 995 (отыз тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан бес) теңге 95 тиын өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 07.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 22.04.2025, судья Конысбаева Д. М., 23.04.2025
«ҚАЗАҚСТАН» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ Сот өндірісі

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Дара кәсіпкер «Сенбекова» дара кәсіпкері атынан әрекет етуші Сенбекова Ақерке Дүйсенханқызынан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 3 165 (үш мың бір жүз алпыс бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Д.М.Конысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 07.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.04.2025, судья Конысбаева Д. М., 23.04.2025

5265-25-3-1/239